



QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№31 (1988) 1 ҚЫРКҮЙЕК 2025 ЖЫЛ

БІЛІМ – басты құндылық

Құрметті оқытушы-профессорлар, студенттер, магистранттар мен докторанттар!

Сіздерді 1 қыркүйек – Халықаралық білім күнімен және жаңа оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймын!

Білім – адамзаттың ең үлкен құндылығы және елдің өркендеуі мен дамуының негізі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Білім – бұл әрбір адамның жеке дамуы мен мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз ететін басты құндылық. Қазақстандық жас ұрпақ – болашағымыздың кепілі және біз оларға қолдау көрсетуді, сапалы білім беруді әрі ғылыми әлеуетті арттыруды міндетіміз деп білеміз», – деген болатын.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – осы игі мақсаттарды іске асыруға елеулі үлес қосатын еліміздегі көшбасшы білім ордасы. Қазіргі таңда университетіміздің Ыстамбұл мен Бішкек қалаларындағы филиалдарымен қатар, Омбыда жаңа филиалымыз ашылып, онда да жастар сапалы білім алуда. Сонымен бірге Ресейдің МИФИ Ұлттық ядролық зерттеу университеті мен Қытайдың Солтүстік-батыс университетінің Қазақ филиалдарына талапкер қабылдау әлі де жалғасуда.

Тәуелсіз еліміздің болашағы – білімді ұрпақтың қолында. Ұлы ойшыл әл-Фарабидің «Ісім оңсын десеңіз, сол істің маманы болыңыз» деген қағидасын ұстанып, ізденіс жолында үлкен жетістіктерге жететіндеріңізге сенімдімін. Жаңа, әділетті Қазақстанды бірге қалыптастырып, білім мен ғылымды өркендете берейік.

Жаңа оқу жылында сіздерге мықты денсаулық, отбасыларыңызға құт-береке, еңбектеріңізге табыс тілеймін!



науи зерттеу инфрақұрылымы қалыптасуда. Сонымен қатар ҚазҰУ құрылысының екінші кезеңін іске асыру аясында қалашық аумағында жаңа жатаханалар мен оқу корпустары салынуда.

Ғалымдарымыз еліміздің ғылыми әлеуетін арттыруға және отандық ғылымды дамытуға үлкен үлес қосып келеді. Жаңа білім бағдарламалары мен ғылыми жобаларымыз еліміздің халықаралық беделін арттырып, жас ғалымдардың шығармашылық әлеуетін көтеруге жол ашады.

Биылғы жаңа оқу жылында бакалавриатқа мемлекеттік білім беру гранты бойынша университетімізге – 4014 адам, ақылы негізде – 2611 адам қабылданды. Оның ішінде «Алтын белгі» иегерлері – 116 адам, халықаралық олимпиада жүлдегерлері – 27 адам. Инклюзивті технологияларды пайдалана отырып оқитын мүмкіндігі шектеулі жандардан – 19 адам. Биыл университетіміз 2500-ге жуық шетелдік студенттермен толықты. Мемлекеттік білім беру гранты негізінде 1000-нан астам магистрант, 514 докторант ҚазҰУ-ға оқуға түсті. Жалпы алғанда, бүгінге дейін 2025-2026 оқу

жылы бойынша Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне барлық деңгейлер мен құрылымдық бөлімшелер бойынша 11 530 адам оқуға қабылданды. Университетіміздің Ыстамбұл, Бішкек, Омбы қалаларындағы филиалдарына және Ресейдің МИФИ Ұлттық ядролық зерттеу университеті мен Қытайдың Солтүстік-батыс университетінің ҚазҰУ филиалдарына талапкер қабылдау әлі де жалғасуда.

Жаңа оқу жылында сіздерге мықты денсаулық, отбасыларыңызға құт-береке, еңбектеріңізге табыс тілеймін!

Құрметпен
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,
Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
Басқарма Төрағасы –
Ректоры



Техникалық қызмет зертханасы ашылды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті базасында BASF Mining Solutions техникалық қызмет зертханасының ашылу салтанаты өтті. Бұл Орталық Азияның тау-кен-металлургиялық саласын дамыту аясында жүзеге асырылып жатқан ауқымды ғылыми жоба.

Айтулы шараға Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма мүшесі-академиялық мәселелер бойынша проректоры Алина Галеева, «Тау-кен өнеркәсібіне арналған шешімдер» бағытының жетекшісі Ростислав Камкин, BASF компаниясының EMEA және Орталық Азия аймағы бойынша аймақтық бизнес-директоры Мильяна Спасич, сондай-ақ BASF Орталық Азияның тау-кен-металлургиялық саласындағы клиенттері мен серіктестері және бизнес-қауымдастық өкілдері қатысты.

Жаңа зертхана минералды шикізатты өңдеу және гидрометаллургия салаларында қол-

данбалы ғылыми зерттеулер жүргізуге, сондай-ақ тау-кен өндірісінің тиімділігін арттыратын инновациялық шешімдерді әзірлеуге арналған.

Мамандардың айтуынша, зертхана BASF-тың флотация мен гидрометаллургия бағыттарындағы жаһандық тәжірибесіне сүйене отырып, кен өндіру саласындағы компанияларға минералдарды бөліп алу, шығындарды азайту және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған шешімдерді ұсынуға мүмкіндік береді.

Әйгерім
ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ



Жалғасы 8-бетте

3-бет

Мұнайхимия
зертханасы –
болашақтың
бастауы



4-бет

Ащы
шындықты
ашып жазбасқа
амалы қалмаған



5-бет

Профессор
Сон Ю Джонг:
Қазақ және
корей тілдерін
зерттеп жүрмін



Заң ғылымының дамуында ҚазҰУ-дың үлесі зор

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Фараби кітапханасында Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.



беретін Үкімет» тұжырымдама-сында заңды жалғасын тапқан. Конституция идеяларын жүзеге асыруда Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ерекше рөл атқарады», – делінген құттықтауда. Пленарлық отырыста Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Директорлар кеңесінің төрағасы, заң ғылымдарының докторы, профессор Қайрат Мәмидің құттықтау хаты оқылды. «Қазіргі уақытта бүкіл әлемде түбегейлі өзгерістер орын алуда. Адам құқықтарын қамтамасыз ету мен қорғау, қоғамдық қатынастар жүйесі мен мемлекеттің тұтас жүйесі бірінші орынға шықты. Конституция – Қазақстанның тұрақты даму жүйесін құру мен адам және

азамат құқықтарын қорғаудың негізі болып табылады», – деп атап өтті Қайрат Мәми.

Конференцияға қатысушылар ҚазҰУ-дың еліміздегі заң ғылымының дамуына және жоғары білікті заңгерлерді даярлауға ерекше үлес қосқанын айрықша атап өтті. Бұл оқу орнында Салық Зиманов, Мұрат Баймаханов, Сұлтан Сартаев сынды көрнекті ғалым-конституционалистер еңбек еткен. Олардың құқықтық мемлекет, адам құқықтарының басымдығы, заң мен сот алдындағы теңдік, ұлттық мемлекеттілікті нығайту идеялары 1995 жылғы Конституцияда көрініс тапты.

Жиын барысында сарапшылардың мазмұнды баяндамалары тыңдалды.

Бұдан әрі қатысушылар Конституцияның құқықтық мемлекет, демократиялық институттар мен азаматтық қоғамды қалыптастырудағы рөлін талдап, жаһандану және тұрақты даму жағдайындағы конституциялық құрылысты дамытудың заманауи сын-қатерлері мен алдағы мақсаттарды талқылады.

Гүл БАЯНДИНА



Тұрғын үй сертификаттары табысталды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығы мен Білім күні қарсаңында салтанатты іс-шара өтті. Іс-шара аясында жас ғалымдарға тұрғын үй сертификаттары табысталып, ғылыми қызметкерлері марапатталды.

Іс-шараны Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім вице-министрі Гүлзат Көбенова ашып, жас мамандарды қолдаудың маңыздылығын атап өтті.

Салтанатты рәсім барысында түрлі ЖОО оқытушыларына сегіз тұрғын үй сертификаты табыс етілді. Солардың қатарында ҚазҰУ-дың екі қыз-

меткері – ақпараттық технологиялар факультетінің Ақпараттық жүйелер кафедрасының аға оқытушысы Жансая Дүйсенбекқызы және тарих факультетінің Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы Айбүбі Дүйсебаева тұрғын үй сертификаттарына ие болды. Оларға Алматы қаласындағы жаңа тұрғын үй кешендерінен заманауи, жайлы пәтерлер берілді. Бұл – олардың ғылым мен білім саласына қосқан үлесінің жоғары бағалануы.

Сондай-ақ осы күні ғылыми ұйымдардың қызметкерлеріне «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін», «Тіл жанашыры», «Ғылым үздігі», «Ахмет Байтұрсынұлы» медальдары, құрмет грамоталары мен алғыс хаттар табысталды. Олардың қатарында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 13-тен астам оқытушы, ғалым және қызметкері бар.

Света ӨМІРҒАЛИЕВА

Цифрлық кеңістіктегі жаңа қадам

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті отандық АІТУ платформасында өз арнасын іске қосты. Бұл – университеттің цифрлық кеңістіктегі жаңа қадамы.



«FARABI UNIVERSITY» арнасы – ҚазҰУ-дың АІТУ платформасындағы ресми парақшасы. Мұнда университет жаңалықтары, ғылыми жетістіктер, стартаптар, форумдар, студенттік өмір және қызықты жобалармен таныса аласыз. Сонымен қатар хабарландырулар және маңызды жедел ақпараттар да жарияланып отырады.

АІТУ – қазақстандық ІТ мамандары әзірлеген, қауіпсіздік пен ыңғайлылықты ұсынатын ұлттық алғашқы мессенджер. Деректер Қазақстан серверлерінде сақталады және бұл қауіпсіздік деңгейін арттырады. Мессенджер жеке хабарлама алмасумен қатар қауымдастықтар, жаңалық-

тар арнасы, бейнеқоңыраулар және чат-боттар сияқты функцияларды қамтиды.

Бұдан бөлек, білім орындары мен ұйымдар үшін оқу үдерісін тиімді басқару, ішкі коммуникацияны жақсарту және қауіпсіз ақпарат алмасу мүмкіндіктерін ұсынып отыр.

ҚазҰУ цифрлық трансформацияны қолдап, оқу үдерісін оңтайландыруды және тиімді экожүйе қалыптастыруды көздейді.

Отандық, қауіпсіз әрі ыңғайлы байланыс алаңында ҚазҰУ-мен бірге болыңыз.

АІТУ қосымшасын жүктеп, «FARABI UNIVERSITY» арнасына жазылыңыз! <https://i2.app.link/rYiKkPdM8Vb>

Хэнань ауыл шаруашылығы университетімен ынтымақтастық

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қытайдың Хэнань ауыл шаруашылығы университетінен келген делегация ҚазҰУ басшылығымен кездесті.



тар бірлескен ғылыми жобаларды жүзеге асыру, студенттер мен оқытушылармен алмасу, академиялық ұтқырлық бағдарламаларын дамыту, халықаралық конференциялар мен тағылымдамалар ұйымдастыру мәселелерін талқылады.

Кездесу қорытындысында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Хэнань ауыл шаруашылығы университеті арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Света ӨБІЛҒАЗЫҚЫЗЫ

Келіссөзді ашқан ҚазҰУ Басқарма Төрағасының орынбасары – бірінші проректор Еркін Дүйсенов қонақтарға ҚазҰУ-дың халықаралық және ғылыми-білім беру қызметі туралы баяндады.

Қытай тарапынан Хэнань ауыл шаруашылығы университетінің ректоры Юэ Цзеюн мырза сөз сөйледі. Ол аграрлық және технологиялық ғылымдар саласында екіжақты ынтымақтастықты дамытып, екі университет арасында тәжірибе алмасуға қызығушылық білдірді.

Кездесу барысында тарап-

Мұнайхимия зертханасы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің химия және химиялық технология факультеті жанынан ашылған заманауи «Farabi Chem Science» ғылыми кластерінің құрамына кіретін тоғыз зертхананың бірі. Бұл зертхана өткен жылдың 1 маусымында ресми түрде ашылғанын естеріңізге сала кетейік. Ғылыми орталық жетекшісі, химия ғылымының докторы, профессор Ермек Әубәкіровтің айтуынша, зертхана мұнайхимия саласында жан-жақты зерттеу жұмыстарын жүргізуге арналған заманауи құрылғылар және талдау құрал-аспаптарымен жабдықталған.

ты жетілдіру мақсатында кәсіпорындармен тығыз байланыс жасаймыз. Осындай кездесулер барысында отандық компаниялардан түрлі ұсыныстар түсіп жатады. Солардың бірі осы мұнай қалдығынан мұнайлы кокс алу жайында болды. Осы ұсыныс бізді қызықтырып, ғылыми ізденіс, зерттеу жұмыстарын бастап кеттік. Бірнеше жыл зерделедік. Содан 2021 жылдан бастап ауыр мұнай қалдықтарынан моторлы отын дистилляттары мен техникалық өнімдер, оның ішінде

Мұнайхимия зертханасы — болашақтың бастауы

Зертхана негізінен мұнай-химия саласында тереңдетілген зерттеулер жүргізумен айналысады. Мұнда мұнай мен мұнай өнімдерінің құрамы, қасиеті және қайта өңдеу процестері зерттеліп, жаңа инновациялық технологияларды әзірлеу бағытында ғылыми жұмыстар жүргізіледі.

Мұнай – қазақтың «қара маржаны». Ұлттық экономиканың негізгі бөлігін құрайтын қара майға бүкіл елдің тағдыры байлаулы десек, артық айтқандық емес. Өйткені елдің басты асыраушысы екені әмбеге аян. «Сондықтан бізге мұнайды шикідей шетке экспорттағаннан гөрі, қайта өңдеп, тауар түрінде өткізген әлдеқайда тиімді. Бұл жөнінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев үнемі айтып, отандық компанияларға құлаққағыс етіп жүреді», – дейді профессор Ермек Айтқазыұлы.


Ол үшін не істемек керек? Бізде мұнайдың қалдықтары өте көп және ол тиімді пайдаланыла бермейді. Отандық мұнайдың құрамында парафин, күкірт басым екенін білеміз. Сондықтан қалдық мол болатыны белгілі. Ал осы ауыр мұнай қалдықтарын өңдеп, кәдеге жаратуға бола ма? Әрине, болады. Профессор Ермек Әубәкіровтің айтуынша, бізде мұнай қалдықтарынан битум, жолға төсейтін өнімдер, күкірт қосылғыштары алынады. Бірақ бұл жеткіліксіз.

– Біз жоғары білім беру мен өндіріс арасындағы байланыс-

мұнайлы кокс алу мақсатында отандық ауыр мұнай қалдықтарын өңдеуге қатысты зерттеу жұмыстарымен айналыса бастадық. Арнайы жоба жасап, 96 млн теңге көлемінде гранттық қаржыландыру ұтып алдық. Үш жылға арналған бұл жобамызды, бұйырмаса, биыл аяқтаймыз. Нәтиже жаман емес. Әйтсе де ғылыми жоба екі-үш жылдың шаруасы емес. Ол жан-жақты терең зерттеуді талап ететін ұзақ ғылыми процесс. Сондықтан бұл жобаны әрі қарай жетілдіре түсу қажет. Осы жерде айта кету керек, «Ауыр мұнай қалдықтарын бағалы техникалық өнімдерге және отын дистилляттарына кешенді өңдеу технологияларын жасау» жобасы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті тарапынан қаржыландырылған. Алда тағы да тың зерттеу жұмыстары күтіп тұр», – дейді Физикалық химия, катализ және мұнайхимия кафедрасының меңгерушісі, профессор Ермек Айтқазыұлы.

Қазір зертхана ауыр мұнай қалдықтарын қауіпсіз кәдеге жаратуға арналған ресурстарды үнемдейтін технологияны әзірлеуде. Ал қалдық кокс пен отын дистилляттарын өндіруге шикізат ретінде пайдаланылуда. Аталған технология экологиялық жүктемені азайтып қана қоймай, мұнайды қайта өңдеудің экономикалық тиімділігін де арттырады. Өйткені зертхана қолданып отырған технология сапасы жоғары өнім түрлерін алуға арналған.

– Әлем елдері мұнай қалдықтарын ұқыпты игереді. Оны қайта өңдеп, өнім алуға, нақты тауар ретінде сатуға бейімделген. Біздің елімізде өңдеу ісі



енді ғана жолға қойылып келе жатыр. Мысалы, біз мұнай өндіретін елміз, шикі өнімді экспорттаймыз да, сол мұнай қалдығынан жасалған мың сан өнімді, тауарды пәленбай есе қымбат бағасымен қайта сатып аламыз. Әрине, бәрібірден бола қоймасы анық, алайда осы өңдеу, қайта өңдеу ісіне басымдық бергеніміз жөн. Осы орайда, университеттік жобаларды қаржылындыра бастаған Үкіметке, Ғылым және жоғары білім министрлігіне ризамыз. Алдағы уақытта экономикалық жағынан тиімді жобаларды өндіріске енгізуге, коммерцияландыруға мемлекет қолдау жасаса, ғалымдардың, оның ішінде жас ғалымдардың ынта-жігері артатыны сөзсіз, –

деген ойымен бөлісті профессор Ермек Айтқазыұлы.

Сонымен «Ауыр мұнай қалдықтарын бағалы техникалық өнімдерге және отын дистилляттарына кешенді өңдеу технологияларын жасау» жобасы – келешектің жобасы. Қазір оның негізгі алғышарттары жасалды. Ғалымдардың айтуына қарағанда, бұған дейін кокс тек көмірден алынып келген. Енді мұнай қалдығынан алынған кокс өнім түрлерін одан әрі байыта түспек. Кокс – құнды техникалық өнім. Оны тау-кен металлургия және электроника саласында пайдаланады. Сондықтан бұл жобаның болашағы алда. Қазір патенттеу жұмыстары қолға алынуда.

1. Жобаның мақсаты: Құрамында көміртегі бар шикізат ретінде ауыр мұнай қалдықтарын пайдалана отырып, мотор майлары арқылы бағалы техникалық өнімдер мен отын дистилляттарына кешенді термиялық өңдеудің ресурс үнемдейтін технологиясын жасау.

2. Аналогтардан артықшылығы:

1. Экологиялық тазалық пен тұрақтылық: технология ауыр мұнай қалдықтары мен пайдаланылған мотор майла-

рын қайта өңдеу арқылы қалдық көлемін және қоршаған ортаның ластануын азайтады.

2. Энергия тиімділігі: жоғары өнімділік кезінде төмен энергия тұтынумен ерекшеленеді. Бұл қолданыстағы аналогтармен салыстырғанда, экономикалық тиімділікті арттырады.

3. Әмбебап қасиеті: технология түрлі шикізат түрлеріне оңай бейімделеді әрі мұнай-химия өндірісінің кең ауқымында – жағармайдан бастап, битумға дейін қолдануға жарамды.

4. Қалдықты құнды өнімге айналдыру: көптеген утилизация әдістерінен айырмашылығы – технология нарықта сұранысқа ие өнімдерді (жағармайлар, битум) алуға мүмкіндік береді.

3. Негізгі нәтижелер:

• Құмкөл кен орнының гудроны мен пайдаланылған мотор майларының құрамы заманауи физика-химиялық әдістер арқылы зерттелді.

• 480-520°C температура аралығында ауыр мұнай қалдығынан пайдаланылған мотор майларының қатысуы арқылы қатты өнім (кокс) және сұйық фракциялары (бензин, жеңіл және ауыр газойль) алынып, олардың физико-химиялық қасиеттері және химиялық құрамы анықталды.

• Жобаның нәтижелері бойынша Scopus деректер базасына (Q1) енетін журналдарда екі мақала, сондай-ақ ҚР ЖБҒМ Білім беру сапасын қамтамасыз ету комитеті ұсынған «Нефть и газ» журналында бір мақала жарияланды.

4. Қолданылуы: Әзірленген технология ауыр мұнай қалдықтарын қауіпсіз жоюға мүмкіндік беріп қана қоймай, оларды кокс пен отын дистилляттарын өндіруге арналған бағалы шикізатқа айналдырады. Бұл процесс экологиялық жағдайды жақсартып, мұнай өңдеу ісінің экономикалық тиімділігін арттырады.

Гүлзат
НҰРМОЛДАҚЫЗЫ



1886 жылы, енді ғана қырыққа толған, жігітағасы жасына жеткен жас Абай алпыстан асқан абыз қариядай: «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек. Ашуың, ашыған – у, ойың – кермек. Мұңдасарға кісі жоқ сөзді ұғарлық. Кім көңілді көтеріп, болады ермек? ...Жамандар қыла алмай жүр адал еңбек, Ұрлық, қулық қылдым деп қағар келбек, Арамдықтан жамандық көрмей қалмас, Мың күн сынбас, бір күні сынар шөлмек. Алашқа іші жау боп, сырты күлмек, Жақынын тіріде аңдып, өлсе өкірмек. Бір-екі жолы болған кісі көрсе, Құдай сүйіп жаратқан осы демек», – деп келетін аса ойлы, мазмұны терең, көлемі ұзақ атақты өлеңдерінің бірін жазыпты.

Қырыққа толған Абайдың өз заманындағы қазақ қоғамын түгел зерттеп, қоғамның ішкі-сыртқы құбылыстарының барлығын ой елегінен өткізіп, әсіресе осы қазақ қоғамын құрап отырған, осы қоғамда өмір сүріп, тіршілік кешіп жатқан қазақ деген халықтың мінезіне, болмысына байланысты өзінің түйгенін, түйсінгенінің барлығын жүрегі езіліп, жаны шырқырап отырып ақ қағазға түсіріпті.

Жүрегі езіліп, жаны шырқырайтын себебі – көзімен көріп отырған ащы шындықты көзге шұқып, ашып жазбасқа амалы қалмаған... Қазақ мінезіндегі, қазақ болмысындағы жанды ауыртатын барлық кемшіліктер мен келеңсіздіктерді әжуалап отырып, ащы сарказмге салып отырып аяусыз айыптайды. Әсіресе қазақтың бойындағы билікқұмарлықты, даңққұмарлық пен даңғазалықты, қазақтың дүние-мүлік пен байлыққа, мал мен пұлға көзсіз беріле бастағанын, орыстың арзан, алдамшы шен-шекпеніне құлдық ұрып, бодандыққа бас иіп, ашкөздікпен жарысқа түсе бастаған, ұяттан безіп, араны ашыла бастаған бай мен бишікештердің пұшайман күйін Абайдан артық, Абайдан асырып айтқан ақынды қай ғасырдан іздесеңіз де, таппайсыз!

Осынау тақырыпқа, яғни адам бойындағы даңққұмарлыққа, ашкөздікке Абай тағы бір туындысын – «Ескендір» атты тұтас дастанын арнаған еді. Шығыс халқының барлығында ғасырлар бойында жасап келе жатқан, бірнеше нұсқалары өмірге келген осынау Ескендір Зұлқарнайын (Александр Македонский) сюжетіне Абай неге ат басын бұрды? Неге қазақ қоғамынан, сондағы өрттей қаулап, өршіп бара жатқан әлеуметтік-қоғамдық құбылыстардан бір сәт алыс кетіп, әлемдік маңызы бар тақырыпты өз туындысына арқау етті?

Кішкене шегініс жасасақ, Абайға дейін де Шығыстың ең әйгілі шайырлары, ақындары, жыршы, жыраулары осынау Ескендір Зұлқарнайын тақырыбына барған, өз шығармаларын арнаған. Олардың барлығы түгелдей Ескендір Зұлқарнайынды әлемді жаулаған ержүрек қолбасшы, данышпан патша бейнесінде суреттейді. Ал Абай болса араны ашылған, ашкөз, тойымсыз патшаның бейнесін әдебиетке алып келді.

Абайдың аталған дастаны 1909 жылы немере інісі Көкітай Ысқақұлы мен баласы Тұрағұл жарыққа шығарған ақынның тұңғыш өлеңдер жинағында Мүрсейіт Бікеұлының қолжазбаларының 1905 және 1907 жылдардағы нұсқалары негізінде жарияланды. Македония патшасы, әлемнің тең жарымын жаулап алған Александр Македонский (жаңаша жыл санауымыздан бұрынғы 356-323 жылдар) жайында сандаған тарихи еңбектер және көркем шығар-

нында қандай билік жүргізгенін шолып айтуды мақсат етеді.

Ізгілік пен қатыгездікті, жақсылық пен жамандықты бірден ажыратып, ақындық позициясын бірден анықтап, айшықтап жеткізген ақын Абай Ескендір патшаға, оның тұлғасына, тарихи орнына деген өз көзқарасын бірден ажыратып алады.

Оқырман да ақын дүниетанымына тән, авторлық мақсатқа сай ақын Абай қандай гума-

Қан ішер қаһарлы хан ашуы көп,
Атағынан қорқады жұрт
қайғы жеп.

Сол күнде қошеметші
айтады екен,
Ханның ханы, патшаның
патшасы деп.

Атағы талай жерге оның жетті,
Жердің жүзін алуға талап етті.
Есепсіз әскер ертіп,
жарақтанып,
Есіткен елдеріне жүріп кетті, –

Поэманың сюжеттік желісінде ашкөз, қанқұмар патша Ескендірге қарама-қарсы бейне ретінде ғұлама ғалым, данышпан, дана қария Аристотель бейнеленеді. Поэманың көркемдік шешімі ретінде ақын Абай өз шығармасында арнайы Аристотель сөзіне кезек береді.

Дүниені жаулап, ашу мен қатыгездікке ерік берген, тоқтау, қанағат, рахым дегенді білмеген қанқұмар патшаға Аристотельдің сөзі ой салады. Қатыгез патшаны райынан қайтарады. Адам баласының көзі тірісінде дүниеге тоймайтынын, барға қанағат етпейтінін мегзей отырып, поэма кейіпкері Аристотель:

– Таразыны әпкел де,
сүйекті сал,
Бір жағына алтын сап,
өлшеп қара!

– Бұл – адам көз сүйегі, –
деді ханға.
Тоя ма адам көзі мың мен
санға?
Жеміт көз жер жүзіне
тоймаса да,
Өлсе тояр, көзіне құм құйғанда.

Кәпір көздің дүниеде
араны үлкен,
Алған сайын дүниеде
тоя ма екен?
Қанша тірі жүрсе де, өлген күні
Өзге көзбен бірдей-ақ
болады екен.

Ашуланба, ей, патшам,
айтайын дат:
Алтын қақпа бермеді
сізге рұқсат.
Сый сұрадың, бергені –
бір қу сүйек,
Мұны көріп, алыңыз
сіз де ғибрат! –

деп терең астарлы өсиет сөзін айтады. Поэманың аяқталар тұсындағы осынау шумақтар шығарманың күллі көркемдік шешіміне сыйып тұрған тақырыптық-идеялық ойды, автордың концептуалды көзқарасын, терең дүниетанымын аңғартады.

Поэманың идеялық, көркемдік жаңалығы да, алдымен, осынау авторлық шешімдегі ақынның өзіндік толғаныстарынан нәр алады. Демек, Абай сомдаған көркем бейнелер тарихи кезеңдер шындығын авторлық идеяға сәйкес қайтара жаңғыртып, қайтара құбылтып, мүлдем жаңаша мазмұндық аяда оқырманға ұсынуға болатынын көркемдік тұрғыдан дәлелдеді.

Түйіндей айтқанда, адам пенденің табиғатындағы, тегіндегі, болмысындағы болатын кісілік қасиеттерінің ішіндегі адамзатқа жау, адамды жарға жығатын, аздыратын, бір-біріне жау, дұшпан ететін ең бір мерез мінездерді ашық айыптаған, ащы сынаған.

Қай ғасырда болсын күн тәртібінен түспей келе жатқан тақырыпта хакім Абай әлемдік дүниетаным биігінен, парасат биігінен, мәңгі құнын жоймайтын гуманизм биігінен ой толғайды. Бүгінгі күнге дейін құнын, бағасын бір мысқал да төмендетпеген, көркемдік сапасы кемел, теңдессіз, поэтикалық қуаты орасан зор поэзиялық туындыларын өмірге әкелді.

Қансейіт ӘБДЕЗҰЛЫ,
Абай ғылыми-зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкері

Ащы шындықты ашып жазбасқа амалы қалмаған



нистік құндылықтарды, адамгершілік қасиеттерді алдыңғы қатарға шығарғысы келгенін бірден аңғарады. Сондықтан поэманың басталуындағы алғашқы шумақтардың өзімен-ақ Абай өз дүниетанымын, адамзат тарихында орын алған заманауи оқиғаларға қатысты өз бағасын бүркемелемей, астарламай, ақ пен қараны бөліп тастағандай етіп оқырманға ашық, тайға таңба басқандай түсінікті әрі поэтикалық аяда шашыратып алмай, түйіндеп, жинақтап жеткізеді. Поэманың:

Осы жұрт Ескендірді
біле ме екен?
Македония шаһары –
оған мекен.
Филипп патша баласы,
ер көңілді,
Мақтан сүйгіш, қызғаншақ
адам екен.

Филипп өлді, Ескендір
патша болды,
Жасы әрең жиырма бірге
толды.
Өз жұрты аз көрініп, көршілерге
Көз алартып қарады
оңды-солды.

Сұмдықпен ғаскер жиып
қаруланды,
Жақын жерге жау болды,
тұра аттанды.
Көп елді күтінбеген қырды,
жойды,
Ханды өлтіріп, қаласын
тартып алды.

Жазасыз жақын жердің
бөрін шапты,
Дарияның суындай
қандар ақты.
Шапқан елдің бөрін де
бодам қылып,
Өкіметін қолына тартып апты.

Ескендір елде алмаған
хан қоймады,
Алған сайын көңілі
бір тоймады.
Араны барған сайын
қатты ашылып,
Жердің жүзін алуға ой ойлады.

деген жолдармен басталуында осындай үлкен авторлық мақсат жатқанын байқамау мүмкін емес.

Ақын және заман, ақындық дүниетаным және тарихи тұлға болмысы категорияларын Абай саналы түрде жіктеп, жіліктеп көрсеткісі келмегенімен, осынау поэма шумақтарының мазмұнынан, поэтикалық астарынан қазақ оқырманы ақын мегзегелі отырған гуманистік, қала берді, адамзаттық құндылықтарды жан жүрегімен қабылдайды.

Ең бастысы, ақын дүниетанымындағы рухани құндылықтардың бір адамның, яғни белгілі тарихи тұлғаның өмірбаянына қатысты, сол кезеңдегі өткен тарихи оқиғалар арқылы қалайша жарқырап көрініс табатынына куә боламыз. Поэманың астары қалың сюжетке құрылуы, ішкі динамикасының ширақ, жинақы болып келуі, өте тартымды жатық тілі, ең бастысы, шығарманың көркемдік сапасынан, поэтикалық жүйесінен Абай қолтаңбасының айшықты көрінуі поэманың ең басты құндылығы ретінде бағалануы тиіс.

Ақынның көркемдік қабылдауында Ескендір сияқты тарихи тұлғаның жеке тағдырынан бастау алатын сюжеттік желі өрби келе, поэманың көркемдік шешіміне орай, айрықша әсерлі, айрықша тартымды, тағылымдық, тәрбиелік маңызға ие болады. Яғни жеке тұлғаның өмірінен алынған тарихи оқиғалар шоғыры көркемдік дүниетаным, философиялық ой-толғамдар арнасында ақын үшін бүкіл адамзаттық идеяларды көтеруге мол мүмкіндіктер ашты.

Тарихи тұлға Ескендір патшаның қанқұмарлығы, тойымсыздығы, дүниеқоңыздығы сияқты жағымсыз қасиеттері шығарма арқауында үзбей жалғасып, бір-бірімен іштей сабақтасып отыратын сюжеттік оқиғалар арқылы оқырманға әсерлі жеткізіледі.

Профессор Сон Ю Джонг Қиыр Шығыс кафедрасында корей тілі мен мәдениетін оқытуда мол тәжірибеге ие. Сондай-ақ ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде жоғары білікті маман.

Өткен жылы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Korea Foundation арасында 2025 жылдың 20 қаңтары мен 2026 жылдың 31 тамызы аралығында Korea Foundation қаржылық қолдауымен шақырылған профессорды шығыстану факультетінің Қиыр Шығыс кафедрасына жіберу туралы келісімге қол қойылды. Осы келісім аясында Оңтүстік Кореяның Ханкук шет тілдер университетінің профессоры Сон Ю Джонг аталмыш кафедраға келіп, студенттерге дәріс пен тәжірибелік сабақтар жүргізуді бастады.

– Профессор, бүгінгі сұхбатты Оңтүстік Корея мен Қазақстанның білім беру саласындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтардан бастасақ.

– Ең алдымен, университет газетінің оқырмандарына сәлем жолдағым келеді. Қазақстан мен Оңтүстік Кореяның білім беру саласындағы ұқсастықтарына тоқталайын. Қазақстан үкіметінің білімге үлкен мән беруі, мемлекеттік деңгейдегі қолдау мен ата-аналардың жоғары білімге деген ынтасы біздің елдегі жағдайға өте ұқсас. Ал айырмашылықтарға келсек, біріншіден, оқу жылының жүйесінде өзгешелік бар. Оңтүстік Кореяда оқу жылы наурыз айында басталып, жылына екі семестрге бөлінеді. Ал Қазақстанда оқу жылы қыркүйекте басталады. Сондай-ақ Оңтүстік Кореяда мектеп жүйесі 12 жылдық болса, Қазақстанда 11 жылдық. Әсіресе біздің елдегі бастауыш мектептерде оқушылардың жетістігіне баға қойылмайды, оның орнына тәжірибе мен әртүрлі іс-шараларға басымдық беріледі. Қазақстан мектептерінде оқушы саны көп болғандықтан, сабақтар таңертең және түстен кейін болып бөлінеді. Ал бізде оқушы саны аз болғандықтан, таңертең негізгі сабақтар, түстен кейін түрлі үйірмелер өткізіледі. Екіншіден, мектеп түрлерінде айырмашылық бар. Бізде 10-сыныптан бастап оқушылар қабілетіне

Профессор Сон Ю Джонг:

Қазақ және корей тілдерін зерттеп жүрмін

қарай арнайы мектептерге (мысалы, шет тілдері, ғылым, өнер мектептері) түсе алады. Қазақстанда болса ерте жас-тан-ақ шет тілі, математика, физикаға басымдық беретін мектептер бар. Сонымен қатар кәсіптік мектептер Қазақстанда Оңтүстік Кореяға қарағанда жүйелі жұмыс істейді. Үшіншіден, жоғары білімде айырмашылықтар көп. Екі елде де семестр шамамен 15-16 аптаға созылады. Бірақ біздің елде студенттер қалаған пәндерін таңдайды, ал Қазақстанда пәндер көбінесе оқу орны тарапынан бекітіледі. Сондай-ақ бізде семестр соңғы емтиханмен аяқталса, Қазақстанда емтиханнан кейін 3-4 апталық тәжірибе кезеңі өтеді. Бұл студенттердің теорияны тәжірибе жүзінде қолдануына мүмкіндік береді. Осылайша айырмашылықтарға қарамастан, екі ел де болашақ ұрпаққа сапалы білім беру үшін барлық күш-жігерін салып отыр.

– Екі ел арасындағы байланыстың артуы білімге де оң әсер етіп келеді. Біздің студенттер корей тілі мен мәдениетін қаншалықты меңгеріп жатыр?

